

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 қыркүйектегі N 1346 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 сәуірдегі N 428 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 389 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.30 № 389 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының қорғаншылық және қамқоршылық органдары туралы және Патронат туралы ережелерді және Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алуды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 қыркүйектегі N 1346 P991346_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 46, 418-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алуды ұйымдастыру ережесі:

мынадай мазмұндағы 10, 11, 12, 13-тармақтармен толықтырылсын:

"10. Деректердің республикалық банкі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтау және сақтау үшін қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

11. Балалар туралы деректердің республикалық банкін қалыптастыруға және пайдалануға қойылатын міндетті талаптар:

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар (бұдан әрі - балалар) туралы м ә л і м е т т е р д і ж и н а у ;

балалар туралы ақпаратты тек қана олар туралы деректердің республикалық банкін қалыптастыру және пайдалану мақсаттары үшін пайдалану;

балалар туралы ақпараттың толықтығы мен шынайылығы; ақпаратты жария болудан, ұрлатудан, жоғалтудан, жасанды көшірмеден және бұрмалаудан қорғау болып табылады.

12. Қорғаншылық және қамқоршылық органдар балалар туралы аймақтық және республикалық банктерді пайдалануды қызметтік ақпарат алмасу арқылы жүзеге асырады, балалар туралы құпия ақпараттың кездейсоқ өзгеруін, жойылуын немесе жоғалуын болдырмау үшін қорғауды қамтамасыз етеді.

13. Білім саласындағы орталық атқарушы орган жазбаша сұрау салынған кезде

деректердің республикалық банкінде бала туралы мәліметтердің есепте тұру фактісі туралы сотқа, прокуратура немесе тергеу органдарына ақпарат беруге м і н д е т т і " .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК